



Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2019 жылғы 21 қарашадағы  
№ ДЗ-184

Құрметті депутаттар!

Сіздердің, байланыс операторларының жаңа тарифтік жоспарларды енгізу мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызға сәйкес мынаны хабарлаймыз.

**Ұялы байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына өзгерістер енгізуге және цифрлық көрсетілетін қызметтерді пайдаланушыларды құқықтық қорғаудың тиімді тетігін әзірлеуге қатысты.**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 бұйрығымен бекітілген Ұялы байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес, ұялы байланыс операторлары байланыс қызметтерін кредиттік немесе аванстық есеп айырысу тәртібімен көрсетеді.

**Кредиттік есеп айырысуда** ұялы байланыс операторының шотына ұялы байланыс қызметтеріне алдын ала ақы төлеу үшін жеткілікті ақшаның түсуі талап етілмейді және абонент есепті кезеңнің соңында **бір күнтізбелік айға** тең төлемді енгізе отырып, қызметтерді пайдалануға құқылы.

**Аванстық есеп айырысуда** абонент дербес шотқа қаражат енгізілгеннен кейін байланыс қызметтерін пайдалануға құқылы, оларды есептен шығару қызмет көрсетілгенге дейін алдын ала жүзеге асырылады, онда қаражатты келесі есептен шығару мерзімі **тарифтік жоспардың шарттарымен** айқындалады.

Қағидаларда регламенттелген тәртіпті ескере отырып, ұялы байланыс операторлары тарифтік жоспарларды пайдалану шарттарын және олардың әрекет ету мерзімін, оның ішінде төрт аптада бір рет абоненттік төлемді есептен шығару бойынша мерзімдерін дербес анықтауға құқылы.

Бұл ретте, байланыс операторларының ақпараты бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарына сәйкес тарифтік жоспарлардың шарттарын өзгерту жөнінде **абоненттерді хабардар**

*ету* олар кіргенге дейін бір ай бұрын *белгіленген тәртіппен* SMS-хабарлама арқылы *іске асырылды*.

Сонымен қатар, Сіздердің сауалдарыңызды негізге ала отырып және ұялы байланыс абоненттерінен келіп түскен шағымдар негізінде *Цифрлық даму*, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі *министрлігі* ұялы байланыс операторларының қатысуымен кеңес өткізді, нәтижесінде:

- байланыс операторларына есептік кезеңі күнтізбелік 30 күн болатын аванстық есеп айырысу тәртібі бойынша тарифтік жоспарлар енгізу ұсынылды;

- тарифтік жоспарға қосылған сәттен бастап келесі айда сол күнге дейін алдын ала төлемді көздейтін тарифтік жоспарлар бойынша есептік кезеңнің ұзақтығын белгілеу бөлігінде Қағидаларға түзетулер енгізу бойынша жұмыс басталды.

Қазіргі уақытта, Қағидаларға енгізілетін түзетулер жобасы мына келісу рәсімінен өтуде: «Атамекен» ҰКП және аккредиттелген қауымдастықтарға келісуге жіберілді, сондай-ақ Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңестің қарауына шығарылды.

*Цифрлық қызметтерді пайдаланушыларды құқықтық қорғау тетігі мәселесі бойынша* тиісті нормалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделгенін, сондай-ақ Кодексте ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалау тетігі айқындалғанын хабарлаймыз. Осылайша, байланыс операторларына кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, оның ішінде үстем жағдайды теріс пайдаланған жағдайда жазалау нормаларын қолдануға болады.

*Ықтимал бағалық сөз байласу және бәсекелестікті арттыру жөніндегі іс-қимылдардың арнайы бағдарламасын әзірлеу, сондай-ақ тарифтердің жасырын өсуі нәтижесінде қосымша кірістерді жіберу мәселелеріне қатысты*

Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті (бұдан әрі – ҰЭМ БҚДК) *Сіздің сауалыңызда көрсетілген* әртүрлі есептік кезеңдерді көздейтін тарифтік жоспарларды енгізу *бір мезгілде жүзеге асырылмағанын*, сондай-ақ байланыс операторларының келісілген әрекеттері белгілерінің болмауына байланысты бағалық сөз байласу тұрғысынан тергеу тексеруді бастау мүмкіндігі жоқ екенін атап өтеді.

Сондай-ақ, ҚР ҰЭМ БҚДК қазіргі таңда нарыққа қатысушылардың үлесін анықтау және ұялы байланыс операторларының басым жағдайы мәртебесін анықтау тұрғысынан *ұялы байланыс қызметтері нарығына талдау жүргізуде*. Кәсіпкерлік кодекстің 199-бабына сәйкес үстем мәртебені анықтаған жағдайда ұялы операторларға олардың әрекеттерінде үстем жағдайды теріс пайдалану белгілерінің болуы туралы хабарлама жіберілетін болады, сондай-ақ хабарлама орындалмаған жағдайда әкімшілік жазаның өзге де шаралары қабылданатын болады.

Сонымен қатар, жаңа қатысушылардың ұялы байланыс нарығына кіруі үшін кедергілерді жою және радиожилік ресурсын бірлесіп пайдалану шарттарын қамтамасыз ету мақсатында ҰЭМ БҚДК негізгі тауар нарықтарында

*бәсекелестікті дамыту жөніндегі Жол картасының* жобасын әзірледі, жобаны қазіргі уақытта мүдделі тараптар пысықтауда.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыруға арналған тарифтердің жасырын өсуі нәтижесінде операторлар кірістерінің үлесін тікелей қайта бөлу мәселесіне қатысты монополияға қарсы орган мұндай мүмкіндіктің жоқ екенін атап өтті.

Ұялы байланыс қызметтері нарығын егжей-тегжейлі талдау мерзімдерінің, сондай-ақ жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын келісу рәсімдерінің ұзақтығын ескере отырып, Ұлттық экономика министрлігіне Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, Сіздерге көрсетілген жұмыс қорытындысы бойынша толық ақпарат жіберу тапсырылды.

**Р. Скляр**

Орынд.: А. Әбілгазинов  
Тел.: 74-57-78  
[a.abelgazinov@ukimet.gov.kz](mailto:a.abelgazinov@ukimet.gov.kz)

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)**

*На № ДЗ-184  
от 21 ноября 2019 года*

**Уважаемые депутаты!**

В соответствии с Вашим депутатским запросом касательно вопросов введения новых тарифных планов операторами связи, сообщаем следующее.

***Касательно внесения изменений в Правила оказания услуг сотовой связи и разработки эффективного механизма правовой защиты пользователей цифровых услуг***

Согласно Правил оказания услуг сотовой связи, утвержденных приказом Министерства по инвестициям и развитию от 24 февраля 2015 года № 171 (далее – Правила) операторы сотовой связи оказывают услуги связи в порядке кредитного или авансового расчета.

При ***кредитном порядке расчетов*** поступление на счет оператора сотовой связи денег, достаточных для предварительной оплаты услуг сотовой связи не требуется и абонент вправе пользоваться услугами с внесением оплаты в конце учетного периода равного ***одному календарному месяцу***.

В случае ***авансового порядка расчета*** абонент вправе пользоваться услугами связи после внесения на лицевой счет средств, списание которых осуществляется предварительно до оказания услуг, где срок следующего списания средств определяется ***условиями тарифного плана***.

Учитывая, регламентированный Правилами порядок, операторы сотовой связи были вправе самостоятельно определять условия использования тарифных планов и срок их действия, в том числе по списанию абонентской платы один раз в четыре недели.

При этом, по информации операторов связи, согласно требований законодательства по защите прав потребителей, ***оповещение абонентов*** по изменению условий тарифных планов за месяц до их вступления были ***реализованы в установленном порядке*** посредством SMS уведомлений.

Вместе с этим, исходя из Вашего обращения и на основании поступающих жалоб абонентов сотовой связи, ***Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности*** проведено совещание с участием операторов сотовой связи, по итогам которого:

- операторам связи ***рекомендовано ввести тарифные планы*** по авансовому порядку расчета с ***учетным периодом в 30 календарных дней***.

- начата работа *по внесению поправок в Правила* в части установления длительности учетного периода по тарифным планам, предусматривающим их предварительную оплату с момента подключения к тарифному плану и до этой же даты в следующем месяце.

В настоящее время, проект поправок в Правила проходит процедуру согласования: направлен на согласование в НПП «Атамекен» и аккредитованным ассоциациям, а также вынесен на рассмотрение общественного совета при Министерстве цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

*По вопросу механизма правовой защиты пользователей цифровых услуг сообщаем*, что соответствующие нормы предусмотрены Кодексом об административных правонарушениях, где определен механизм административного взыскания за правонарушения в области информатизации и связи. Таким образом, к операторам связи применимы нормы взыскания за административные правонарушения в области предпринимательской деятельности, в том числе в случае злоупотребления доминирующим положением.

*Касательно вопросов возможного ценового сговора и разработки специальной программы действий по наращиванию конкуренции, а также направления дополнительных доходов в результате скрытого роста тарифов*

Комитетом по защите и развитию конкуренции Министерства национальной экономики (далее – КЗРК МНЭ) отмечается, что *введение указанных в Вашем запросе тарифных планов*, предусматривающих различные учетные периоды *осуществлялось неодновременно*, что ввиду отсутствия признаков согласованных действий операторов связи исключает возможность начала расследования на предмет ценового сговора.

Также, КЗРК МНЭ в настоящее *проводится анализ рынка услуг сотовой связи* на предмет выявления доли участников рынка и установления статусов доминирующего положения операторов сотовой связи. При установлении статуса доминирования в соответствии со статьей 199 Предпринимательского кодекса, сотовым операторам будет направлено уведомление о наличии в их действиях признаков злоупотребления доминирующим положением, а также приняты иные меры административного взыскания в случае неисполнения уведомления.

Вместе с этим, в целях устранения барьеров для вхождения на рынок сотовой связи новых участников и обеспечения условий совместного использования радиочастотного ресурса, КЗРК МНЭ разработан *проект Дорожной карты по развитию конкуренции* на ключевых товарных рынках, который в настоящее время прорабатывается с заинтересованными сторонами.

Относительно вопроса прямого перераспределения доли доходов операторов в результате скрытого роста тарифов на реализацию программы «Цифровой Казахстан», антимонопольным органом отмечается отсутствие такой возможности.

Учитывая долговременность сроков детального анализа рынка услуг сотовой связи, а также процедур согласования вышеназванных проектов нормативно-правовых актов, Министерству национальной экономики совместно с Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности поручено направить исчерпывающую информацию в Ваш адрес по итогам указанной работы.

**Р. Скляр**

*Исп.: А. Абельгазинов*  
*Тел.: 74-57-78*  
[a.abelgazinov@ukimet.gov.kz](mailto:a.abelgazinov@ukimet.gov.kz)